«БЕКІТЕМІН»
Қарағанды экономикалық университетінің ректоры
_____Е.Б. Аймағамбетов
ҚК Хаттамасы №_____
«_____» декабря _____2018 ж.

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің студенттеріне академиялық демалыстар беру Ережесі

ҚҚЭУ-ПРВ-06-2018

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы ереже, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінде оқитын тұлғаларға академиялық демалыстар берудің(және одан шығудың) жалпы талаптарын, тәртібін және негіздемесін белгілейді

1.2 Академиялық демалыс ҚҚЭУ студенттеріне медициналық көрсеткіштер, отбасылық немесе өзге де мән-жағдайлар бойынша 1 жылдан аспайтын уақыт кезеңіне, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын игерудің мүмкін еместігімен байланысты беріледі.

1.3 Академиялық демалыс студенттерге шексіз рет беріледі.

2. Академиялық демалыстар берудің негіздемесі мен тәртібі

2.1 Жеке бас куәлігінің көшірмесі бар жеке өтініш(1-қосымша) пен академиялық демалыс берілгенін растайтын, ҚҚЭУ-дің Студенттерге қызмет көрсету орталығына(СҚКО) немесе факультеттің деканатына, яки ХҚО(халыққа қызмет көрсету орталығына)-ға берілген құжат, студентке академиялық демалыс беру туралы шешім қабылдау үшін негіз болып саналады.

2.2 Академиялық демалыс беру үшін негіздеме мен құжаттар:

- ұзақтық мерзімі 6-дан 12 айға дейінгі сырқаты бойынша - амбулаториялық-емхана жанындағы дәрігерлік-консультациялық комиссияның(бұдан әрі - ДКК) қорытындысы;
- ұзақтық мерзімі 36 айдан артық емес түбүркілезбен ауырған жағдайда - түберкүлезге қарсы ұйымның Орталықтандырылған дәрігерлік-консультациялық комиссиясының(бұдан әрі - ОДКК) шешімі,
- баланың үш жасқа толғанына дейін - тууы, ұл(қыз)баланы асырап алу туралы куәлік;
- әскерге шақырылған-студенттерге - әскери қызметке шақыру туралы шақырту қағазы;

2.3 Академиялық демалыс беру туралы шешімді факультет деканы қабылдайды және студенттен өтінішті және оған тіркелген барлық құжаттарды(өтініш берген күнді санамастан) алған күннен үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ректордың бұйрығымен ресімделеді.

2.4 Академиялық демалыста болған кезеңде, ұйымда ол білім алу бағдарламасын игеруімен байланысты міндеттерден босатылады және академиялық демалыс аяқталғанға дейін оқу процесіне жіберілмейді. Егер ҚҚЭУ-де ақылы негізде оқыса, сол жағдайда, оның академиялық демалыста болу уақытында оқу ақысы алынбайды.

2.5 Студентке академиялық демалыс беруден бас тарту үшін мыналар негіз болып саналады:

- академиялық демалыс беру үшін негіздеме болып саналатын құжаттың болмауы
- академиялық демалыс беру үшін негіздеме болып саналатын құжатта қатенің және түзетудің болуы.

3. ҚҚЭУ студентінің академиялық демалыстан шығу тәртібі

3.1 Студент білім беру бағдарламасының деканатына ҚҚЭУ ректорының атына, оқу процесіне жіберу күні көрсетіле отырып, оқу процесіне жіберу туралы сұрап жазбаша өтініш жазады.

Деканат өтінішті тіркеу қызметіне береді, студент өтініш бергенннен кейін 3 жұмыс күні ішінде арнайы ЖОЖ(ИУП) дайындайды.

Арнайы ЖОЖ студентке рұқсат берілген міндетті курсқа және студент бұрын зерделемеген, бірақ ол оқуын жалғастыратын, курстың оның алдындағы оқу жұмысы жоспарларында(ОЖЖ) бар пәндерге енгізіледі.

Егер студент оқу жылының басында шықса, онда арнайы ЖОЖ стандарттық тәртіпте жасалады.

Егер академиялық демалыстан шыққан студенттің академиялық берешегі бар болса, бұл пәндер міндетті тәртіпте толық көлемде қайыра зерделеу үшін арнайы ЖОЖ-ға енгізіледі.

Егер студент академиялық демалысқа шығардың алдында пәнді зерделеуді толық аяқтаса, бірақ осы пән бойынша аралық/қорытынды бақылаудан өтпесе немесе ол бойынша академиялық берешегі болған кезде емтиханды/сынақты екі рет қайта тапсыруды пайдаланбаса, онда академиялық демалыстан шыққан кезде студентке осы пәнді қайыра тыңдаусыз, қалпына келтірілген күннен кейінгі келесі, қайта тапсыру кезеңінде аралық/қорытынды бақылаудан өту(емтиханды/сынақты қайта тапсырудың қалған әрекет жасаулары) тағайындалады.

Студент, академиялық демалыс беру туралы бұйрықта көрсетілген, күннен кейінгі келесі күннен оқу процесіне жіберіледі.

Академиялық демалыстан шыққан студент, өтініште көрсетілген күннен оқу процесіне жіберіледі.

Академиялық демалыстан шыққан студент үшін оқу ақысын төлеп оқу үшін:

ЖОЖ негізінде білім беру қызметін көрсету құны есептеліп шығарылады және шарт/қосымша келісім ресімделеді.

Шарт/қосымша келісім бойынша төлем жүргізілгеннен кейін ақылы білім беру қызметін көрсету туралы шартқа, 3 жұмыс күні ішінде Академиялық даму департаменті оқу сабақтарына жіберу туралы бұйрық дайындайды.

АДД директоры М.Т.Даниярова

ААД директорының орынбасары С.Б.Глазунова

Келісілді:
СДД директоры С.А.Муликова

1-қосымша

Қарағанды экономикалық
университетінің ректоры
э.ғ.д., профессор
Е.Б.Аймағамбетовке

_____
/ТАӘ (бар болған кезде) толық/

_____
/қызмет алушының/байланыс деректері/

_____
Мамандығы
бойынша_____
/мамандық атауы/

_____

Өтініш

Сізден

_____
/себебін көрсету/

_____
байланысты академиялық демалыс беруіңізді сұраймын.

«____»_____20___жыл _____
/қолы/